

I. THEORETIC-METODOLOGICAL PROBLEMS OF REGIONAL SOCIO-HUMANISTIC RESEARCHES



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕҢБЕРІ (1985–2020 жж.)

Д. Ж. Айнакулов

*Тарих, докторант,
Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

Summary. In a scientific research work on history, the Chronological framework of the study is specifically defined. The chronological framework in the study of everyday life of residents of Almaty covers the period from 1985 to 2020. The specified chronology is divided into the “Restructuring period” from 1985 to 1991 and “The period of independent Kazakhstan” from 1991 to 2020. The chronological framework explores two different periods for comparing historical events, changes in the of everyday life of city residents and the transformation of the culture of a modern city during development.

Keywords: everyday life; residents of Almaty; restructuring; transformation; pace of development; periods.

Адамзат баласының дамуына орай, оларды тереңдетіп, микротарихтық зерттеулер кең орын алып келеді. Ол микротарихтың бүгінгі саласы, үлкен ғылымға айналған күнделікті тарих. Мұндай зерттеу жұмысы белгілі бір мемлекетті, аймақты, қаланы және оның агломерациясын, әлеуметтік топтарды, мекемені және тағы басқа да мәселелерді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Тарихтың ғылыми зерттеу жұмысында және басқа да ғылымдардың салаларында нақты хронологиялық зерттеулер айқындалып, оның шеңбері анықталады.

Алматы қаласы тұрғындарының күнделікті өмірлерін зерттеудегі хронологиялық шеңбері ғылыми зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Бірақ, соның ішінде 1985 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықты жеке бір хронологиялық шеңбер ретінде алып қарастыруға болады. Айқындалған хронологиялық шеңбер екі тарихи кезеңді қамтиды. Оның біріншісі, 1985–1991 жылдардағы КСРО дәуіріндегі «Қайта құру» кезеңі. Екіншісі 1991–2020 жылдар аралығы «Егемен Қазақстан» кезеңі қамтылады. Екі хронологиялық кезеңді алып қарастырудың себебі, қайта құру кезеңінде КСРО-да қайта құру кезеңінде ел тұрғындарының күнделікті өмірлерінде зор өзгерістер пайда болды. Ал тәуелсіздік кезеңінде соның ішінде Алматы қаласы тұрғындарының күнделікті өмірлері де үлкен өзгерістерге ұшырап, түрлі аспектілерді зерттеп, қайта құру кезеңімен салыстыруға оң ықпалын тигізеді.

Зерттеу жұмысының барысына орай хронологиялық шеңберді анықтап алған соң, осы кезеңдерге қатысты, немесе Алматы қаласына қатысты зертеулердің тарихнамасына тоқталып, жан-жақты зерттеу қарастырылады.

КСРО-ның күнделікті өмірін зерттеуге қажырлы еңбектерін төккен ғалымдар бар. Патрушев В. Д. «Жизнь горожанина (1965–1998 гг.)», Федченко М. Н. «Повседневная жизнь советского человека (1965–1998 гг.)», Лигачев Е. К. «Перестройка», Калинин И. «Русские разговоры»: Культура и речевая повседневность эпохи перестройки» [1] атты еңбектерінде және басқа да ғылыми мақалаларында күнделікті өмір тарихы айқын зерттелген және оларға қорытынды бағалары берілген. Бұл ғалымдардың ерекшелігі тек күнделікті өмір тарихын қайта құру кезеңіне ғана арнап қоймай, КСРО басшылары Н. С. Хрущев, Л. И. Брежнев, Ю. В. Андропов және К. У. Черненко кезеңіндегі КСРО халқының күнделікті өмірлеріне тоқталған. Осында түртіп айтып кететін мәселе, бұл зерттеулер жалпы КСРО халқы мен аймақтық шолу ретінде кеткен. Сондықтан, Алматы қаласы тұрғындарының қайта құру кезеңіндегі мәселені тереңдетіп зерттеуге мақсат қойылады.

Күнделікті тарих пен қайта құру кезеңінің мәселелерін зерттеуге арналған түрлі ғалымдардың мақалалары жарық көріп, түрлі мәселелерді көтерген. Ресей ғалымдары Н. Л. Пушкарева, Л. В. Беловинский, И. С. Путянина және басқа да ғалымдардың Кеңес заманының барлық кезеңдеріне қатысты күнделікті өмір тарихын зерттеп арнайы мақалаларды жария етті. Аталған ғалымдардан И. С. Путянина «Повседневность времен перестройки» және «Культурное пространство времен перестройки» [2] атты мақалаларында қайта құру кезеңін тереңірек зерттеген ғалымның бірі екені аңғарылады. Ресей Федерациясындағы ірі қалалары мен аймақтарының күнделікті өмірін зерттеген.

Шетелдік және Отандық зерттеушілер тарихнамасына тоқталудың себептері, қайта құру кезеңіне байланысты көрсетілген хронологиялық шеңбер тағы да бірнеше кезеңдерге бөлініп, зерттеу жұмысын жүйелі жүргізуге септігін тигізеді. Қайта құру кезеңінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы КСРО-ның одақтас он бес республикасының бірі болып, орталық Мәскеуден басқарылды. Саяси, экономикалық және идеологиялық тұрғыдан барлық Одақтас Республикалар бір орталықтан басқарылғанымен әр республикада, әр қалаларда, әр аймақтарда өзіндік күнделікті өмір үдерістері жүріп жатты.

Алматы қаласының күнделікті өмірімен байланысты, бірақ хронологиялық шеңбері жағынан басқа кезеңді қамтитын басқа да зерттеу жұмыстары белгілі болып отыр. Ғалым, зерттеуші Д. Б. Асымованың «XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Алматы қаласының күнделікті өмірінің кинофотофоно құжаттарындағы көрінісі» [3] атты құнды зерттеу жұмысы жүргізілді. Бұл еңбекте Алматы қаласының күнделікті өмірінің хронологиялық шеңбері қайта құру мен тәуелсіз Қазақстан кезеңіне сәйкес

келмесе де, зерттеу әдіснамасы жағынан үлкен бағыттар бере алады. Тікелей Алматы қаласының тарихына тікелей қатысты болмаса да танымал ғалым К. К. Абрахманованың «Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945–1953 гг.» [4] атты аймақтық қалалардың күнделікті өмірлерін жан-жақсы қарастырып, терең құнды еңбегі жазылды. Аталған еңбек қала тарихын зерттеудегі мәселелерін, әдістемелерін де көп қырынан көрсете алған. Қала тұрғындарының күнделікті өмірлерін зерттеу құрылымдарын анықтаған. Отандық ғалымдардың бірі, Қ. Қ. Сүлейменованың Алматы агломерациясы: этнодемографиялық және миграциялық даму ерекшеліктері мен динамикасы (1991–2007 жж.) [5] атты зерттеу жұмысынан күнделікті өмірдің белгілері байқалып, қала тұрғындарының күнделікті өмірлеріне агломерацияның қаншалықты әсер ете алатынына зор зерттеулер бастамасына жол ашып отыр. Зерттеу жұмысы хронологиялық шеңбері жағынан толық емес екі онжылдықты қарастырған.

Ескерілетін мынадай мәселе, жоғарыда саяси, экономикалық және идеологиялық тұрғыдан бір басқарылды деп айтылып кетті. Яғни, осы үш тұрғының салдарынан қайта құру кезеңі тағы негізгі үш кезеңге бөлінді. Ғалымдардың түрлі зерттеу жұмыстарында төртінші кезеңді де қосады. 1985 жылы 11 наурызда КОКП ОК Бас хатшысы қызметіне Михаил Сергеевич Горбачев келді. М. С. Горбачевтің КСРО-ны басқару кезеңі оның саясатының бағыты «Қайта құрумен» тікелей байланысты аталып кеткен.

«Қайта құру» дегеніміз – КСРО-дағы мемлекеттік идеологиядағы, экономикадағы, ішкі және сыртқы саясаттағы жаппай өзгерістер. Оның нәтижесі КСРО мен басқа да социалистік республикалардың барлығында жүзеге аспай қоғам өмірінің барлық салалары дағдарысқа ұшырады [6]. «Қайта құру» термині нақты қашан қолдана бастағаны туралы түрлі ақпараттар бар. 1986 жылы сәуір айында Тольяттиде немесе мамыр айындағы 15–17 күндері М. С. Горбачевтің Ленинград қаласына (бүгінгі Санкт-Петербург қаласы) істі сапары барысында айтылған. Бірақ, зерттеушілер қайта құрудың бастамасы 1985 жылдың 23 сәуірінде өткен КСРО ОК-нің Пленумында Бас хатшы М. С. Горбачев: «Барлық идеялық-саяси тәрбиенің түрлеріне байланысты, басты міндет – әлеуметтік-экономикалық дамытуды жылдамдату» деп жасаған баяндаманың үзіндісін негіздейді [7]. «Қайта құрудың» хронологиялық шеңберін бірі М. С. Горбачевтің наурызда билікке келуінен бастаса, бірі КСРО ОК-нің Пленумындағы баяндамасына жүгінеді, ал басқалары 1986 жылғы сәуір айындағы Тольяттидегі немесе мамыр айындағы Ленинград қаласындағы істі сапардан бастайды.

Күнделікті өмір тарихын міндетті түрде М. С. Горбачевтің наурызда билікке келуінен бастаған жөн болады. Заңилық түрде «Қайта құру» түрде 1987 жылдың 27-28 қаңтарда өткен КСРО ОК-нің Пленумында Бас хатшы М. С. Горбачев баяндамасында айтылып, қарар қабылданған басталады [8].

Қайта құрудың бірінші кезеңі 1985 жылдың наурызынан – 1987 жылдың қаңтарына дейін, екінші кезең 1987 жылдың қаңтарынан – 1989 жылдың маусымына дейін, үшінші кезеңі 1989 жылдың маусымынан – 1991 жылдың қыркүйегіне дейін және төртінші кезеңі 1991 жылдың қыркүйегінен желтоқсан айын қамтып аяқталады. Алматы қаласы тұрғындарының күнделікті өмірлері де осы жылдың соңына дейін желтоқсан айын қамтып зерттейді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Егемен кезеңінің тарихы басталады.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы қол қойған Конституциялық заңнан Тәуелсіздік бастау алады. Алматы қаласы Республиканың астанасы болып қалды. Алматы қаласы тұрғындарының күнделікті өмірлерін зерттеудегі хронологиялық шеңбер екінші кезеңі осы Тәуелсіздік күнінен басталып, 2020 жылмен аяқталады.

Алматы қаласы тұрғындарының Тәуелсіздік кезеңіндегі күнделікті өмірлерін зерттеудегі хронологиялық шеңбер 30 жылдық тарихты қамтиды. Бұл өте ауқымды кезең болғандықтан, хронологиялық шеңбер үш кезеңге бөлініп зерттеледі. Бірінші кезең 1991 жылдың желтоқсанынан – 2000 жылдың желтоқсан айына дейін тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығын қарастырып, Алматы қаласы тұрғындарының 1991–1992 жылдардағы ауыр әлеуметтік, экономикалық жағдайда болған жылдардан бастау алып, қоғамдағы, мәдениеттегі, білім мен ғылымдағы, соның ішіндегі жоғары оқу орындарындағы студенттер мен қызметкерлерінің күнделікті өмірдегі трансформацияның жүруі тереңдетіп қарастырылады. Екінші кезең 2001 жылдың қаңтар айынан бастап, 2010 жылдың желтоқсан айына дейінгі аралықты қамтиды. ХХІ ғасырдың басындағы Алматы қаласы тұрғындарының күнделікті өмірлерін жан-жақты қарастырып VII Қысқы Азия ойындары дайындығының Алматыдағы күнделікті өмірге қандай септіктерін, әсерлерін тигізгенін және тағы да басқа мәселелерін зерттейді. Ал соңғы үшінші кезеңі 2011 жылдың қаңтарынан бастап, 2020 жылдың соңына дейінгі уақытты қамтиды,

Алматы қаласы тұрғындарының күнделікті өмірлерін зерттеудегі хронологиялық шеңбердің 2020 жылды қамтып қарастырылуының себептері: біріншіден Қазақстан Республикасында ІІІ Ұлттық халық санағының жүргізілуі жоспарланып отыр; екіншіден Білім мен ғылымға байланысты мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлар 2020 жылдың жазында оқу жылы аяқталға дейін жүргізіледі. Үшіншіден, үшінші онжылдық білім мен ғылымда түрлі реформалардың қабылданып, ғаламдану үдерісінде, жаңа технологияларды игерудегі нәтижелерінің қанығына жету. Төртіншіден, Жоғары оқу орындарындағы студенттер мен қызметкерлерінің күнделікті өмір кеңістіктерін зерттеу болып табылады.

Қорытындылай келгенде, зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері тақырыптың сол кезеңдегі мәнін ашып, оны жан-жақты зерттеп,

зерделеп дәлелдеу. Бірақ, зерттеу барысында анықтама мен түсініктеме беру үшін, белгілі бір оқиғаларға шолу жасау үшін, немесе зерттеу барысында түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану барысында хронологиялық шеңбер ауытқып тұратыны сөзсіз. Себебі, Белгілі бір кезеңдегі тарихты зерттеу үшін, қарастыратын кезең қандай кезеңнен жалғасатындығы анықталады. Жаңа кезең қандай себептермен пайда болды? деген мәселелер көтеріледі. Бір кезеңмен екінші кезеңнің арасында өтпелі кезеңі болады. Өтпелі кезеңде қоғамды, күнделікті өмірдегі өзгерісті адамдар қалай және қандай себептермен қабылдағанының өзі де кешенді зерттеледі. Хронологиялық шеңберді зерттеу жұмысы заманауи кезеңге жақындаған сайын түрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі дерек көздерін кеңінен қолдана алатындығын дәлелдейді. Пәнаралық және ғылым аралық байланыстардың да зор, ауқымды екені мәлім болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Патрушев В. Д. Жизнь горожанина (1965-1998 гг.). М., 2000.; Федченко М. Н. Повседневная жизнь советского человека (1965-1998 гг.); Курган, 2009.; Лигачев Е. К. Перестройка. М., 2005.; Калинин И. «Русские разговоры»: Культура и речевая повседневность эпохи перестройки. 2005.
2. Путиянина И. С. Повседневность времен перестройки. Путиянина И. С. Культурное пространство времен перестройки. // <https://w.histrf.ru> Энциклопедия. Всемирная история.
3. Д. Б. Асымованың «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алматы қаласының күнделікті өмірінің кинофотофоно құжаттарындағы көрінісі». Дис. филос. док. (PhD). – Астана, – 174 б.
4. К. К. Абрахманованың «Повседневная жизнь городов Центрального Казахстана в 1945-1953 гг.»: дис. канд. ист. наук. – Караганда, 2009. – 170 с.
5. Қ. Қ. Сүлейменованың Алматы агломерациясы: этнодемографиялық және миграциялық даму ерекшеліктері мен динамикасы (1991-2007 жж.): тар. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2009. – 132 б.
6. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. / Бас редакторы Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2003. – 720 б., 473-б.
7. Информационное сообщение о Пленуме Центрального Комитета Коммунистической партии Советского Союза. // Правда, 1985, 24 апреля, № 114 (24371), стр. 2.
8. Информационное сообщение о Пленуме Центрального Комитета Коммунистической партии Советского Союза. // Советская культура, 1987, 29 января, № 7 (6269), стр. 1-3.